

**"Қазақстан Республикасы жаңа Конституциясының бір жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы" Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде**

Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жылғы 8 қаңтардағы N 66

"Қазақстан Республикасы жаңа Конституциясының бір жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы" 1996 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 13, 271-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 18-баптың 1-тармақшасы: "(214-баптың ІҮ бөлігі)" деген сөздерден кейін мынадай сөздермен толықтырылсын: "бір топ адамның немесе Қылмыстық кодекстің 213, 213-1, 213-2 баптарында, 215-1-бабының екінші бөлігінде көзделген қылмыстардың бірін бұрын жасаған адамның, немесе ерекше қауіпті қылмыскердің қайталап, немесе алдын-ала келісім бойынша тап сондай әрекеттер жасағаны, сондай-ақ егер бұл әрекеттердің мән-мақсаты ірі мөлшердегі есірткі заттар болғаны (214-баптың Ү б ө л і г і ) " .

2. 28-баптың 8) тармақшасындағы "үш айдан кешікпей" деген сөздер "алты айдан кешікпей" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. 29-баптың үшінші, төртінші азатжолдарындағы "7" және "9" деген цифрлар тиісінше "8" және "10" деген цифрлармен ауыстырылсын.

4. 36-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Заңның 18-бабы 1) тармақшасының күші сондай-ақ Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің мынадай баптары бойынша:

214-баптың III, IV бөліктері бойынша (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1975 жылғы 21 ақпандағы және 1982 жылғы 29 желтоқсандағы, 1987 жылғы 30 шілдедегі Жарлықтарының, 1991 жылғы 21 маусымдағы Қазақ КСР Заңының редакциясында), 76-1-баптың II, III, IV бөліктері бойынша (Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1961 жылғы 21 шілдедегі және 1982 жылғы 29 желтоқсандағы Жарлықтарының редакциясында);

76-2-бап бойынша (Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1961 жылғы 21 шілдедегі және 1982 жылғы 29 желтоқсандағы Жарлықтарының редакциясында);

76-3-баптың III бөлігі бойынша (Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1961 жылғы 21 шілдедегі және 1982 жылғы 29 желтоқсандағы Жарлықтарының редакциясында);

76-5-бап бойынша (ұрлау арқылы жасалған) (Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1961 жылғы 21 шілдедегі Жарлығының редакциясында);

76-7-баптың II, III бөліктері бойынша (Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1989 жылғы 21 қазандағы Жарлығының редакциясында);

133-баптың II, III, IV бөліктері бойынша (Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1982 жылғы 29 желтоқсандағы және 1987 жылғы 4 ақпандағы Жарлықтарының редакциясында);

134-бап бойынша (Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1961 жылғы 21 шілдедегі және 1982 жылғы 29 желтоқсандағы Жарлықтарының редакциясында);

135-баптың II, III бөліктері бойынша (Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1989 жылғы 31 қазандағы Жарлығының редакциясында);

136-баптың III бөлігі бойынша (Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1961 жылғы 21 шілдедегі және 1982 жылғы 29 желтоқсандағы Жарлықтарының редакциясында) сотталған адамдарға қолданылады".

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті